

бухгалтерия мен есептілік бойынша қызметтер, несиелік мәліметтерді жүргізу цифрландырылады, яғни бұл қағаз құжаттаманы жүргізуге байланысты шығындарды қысқартады. Цифрлық қызметтерді белсенді енгізу шеңберінде блокчейн-технологияларды енгізу үшін жағдайлар жасалынып, мобильдік құрылғыларды пайдалана отырып, интернет арқылы қаржылық қызметтер алу үшін мүмкіндіктер одан әрі дамитын болады. Жеке тұлғалар арасында өзара несие беру сияқты жаңа бизнес-модельдер енгізілетін болады. Цифрлық қаржылық қызметтердің өсуі қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесін арттырады және көлеңкелі экономиканың көлемін азайтады. Осы даму бағытына қатысты ең көрнекті мысалдар: bcc.kz, Homebank, Рахмет, ЖССБ24, tradernet.kz.

Осылайша, қаржы нарығының қарастырылған негізгі бағыттарын жүзеге асыру Қазақстан үшін әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру, ең алдымен, елдің қаржы нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуді, ЖІӨ-нің әлемдік көлеміндегі Ұлттық ЖІӨ-нің үлесін ұлғайтуды білдіреді, ал бұл сөзсіз біздің экономикамыздың әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін жағдайлар жасауға байланысты болады. Пандемия уақытында қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мақалада аталған даму бағыттарын жүзеге асыру экономиканың өсу қарқынын жеделдетуге мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары / Астана, Ақорда, 2018 жылғы 15 ақпан № 636
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық есебі [Электронды ресурс] // URL: [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)
3. Байманова Ж. Современное состояние и перспективы развития фондового рынка Казахстана // АльПаріі, № 3-4, 2017 г.

**ӘОЖ 336.717**

## **ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БАНК СЕКТОРЫНДА БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ӨСУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

***Хамитхан Н.***

э.ғ.м., аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [nazen67@mail.ru](mailto:nazen67@mail.ru)

**Аннотация.** Мақалада жаһандану жағдайында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану, сонымен қатар, қатаң қадағалауды жүргізе отырып банк саласындағы бәсекелестіктің өсу тенденциясын қалыптастыру. Сондықтан, қазіргі таңда барлық әлемге маңызды рейтингтерде бәсекелік біріншілік орындарға кім ие болады және жеке мемлекеттерге бәсекеге қабылеттілікті жоғарлату үшін қандай жолдар тиімді болатынын айқындау мақсатында

әлемнің ауыспалы экономикасының қызмет ету шарттарындағы мәселелерін зерттеп білу маңызды болып отыр.

**Кілт сөздер:** банк секторы, бәсекелестік, жаһандану, жаһандық бәсекеге қабілеттілік, банк тұрақтылығы.

**Зерттеу әдісі:** Зерттеу барысында «танымның ақпараттық, математикалық, логикалық» және «теориялық (проблемалық мәлімдеме, талдау, салыстыру, нақтылау) зерттеу әдістері» қолданылды.

**Зерттеу мақсаты:** қаржы қызметтері нарығын ырықтандыру және қаржы нарығындағы бәсекелестіктің одан әрі дамыту мақсатында жаһанданудың салдарын анықтап банк саласындағы бәсекелестіктің өсу тенденциясын қалыптастыратын негізгі факторларын ұсыну.

**Кіріспе.** Ұлттық бәсекеге қабілеттілік түсінігі кез-келген мемлекеттің дамуының ажыратылмайтын көрсеткіші болып табылады. Жаһандандыру үрдісінің нәтижесінде әлемнің барынша көп мемлекеттері халықаралық нарықтағы ұлттық бәсекеге қабілеттілікке аса назар аударып отыр. Алайда, банкаралық бәсекелестікке арналған ғылыми еңбектердің жеткілікті мөлшерімен қаржы жүйесін модернизациялау жағдайында банктердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың және жетілдірудің тәжірибелік аспектілері жеткіліксіз зерттелген.

Қазіргі заманғы банк жүйесі сапалы өзгерістер қарсаңында тұрған нарықтық экономиканың маңызды және ажыратылмайтын құрылымдарының бірі болып табылады, оның табиғи салдары банктік қызмет көрсету нарығында бәсекелестіктің артуы. Банк қызметтері нарығында бәсекелестіктің дамуына жағдай жасау экономикалық кеңістіктің біртұтастығы мен қаржылық қызметтердің еркін қозғалысының конституциялық принципін тиімді іске асырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Осыған байланысты, ресурстарды тиімді бөлуді және қоғам мен жеке адамның қажеттіліктерін республикалық және аймақтық деңгейлерде барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін банктік қызмет көрсету нарығында бәсекелестік ортаны қалыптастыру мен реттеуді шешудің объективті қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда банк жүйесін дамыту шарттары коммерциялық банктерді әмбебаптандыру деңгейінің өсу тенденциясын анықтайды. Банктерді қаржылық және банктік қызметтердің әр түрлі салаларында әртараптандыру, оның ішінде халыққа банктік қызметтерді дамыту, жаңа қызметтерді енгізу арқылы коммерциялық банктерді қаржы нарығының үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу, перспективалық нарық тауарлары мен сегменттерін дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдарының бірі болып табылады.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа кіруі (ЕЭО) елдің бүкіл қаржы секторының одан әрі дамудағы алғы шарттарының бірі.

Қаржы қызметтері нарығын ырықтандыру және қаржы нарығындағы бәсекелестіктің одан әрі күшеюі көрсетілетін қызметтердің сапасы мен кеңеюінің өсуіне әкелуі керек. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2013-2014 жылдарға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есебіне сәйкес Қазақстан Республикасы «қаржы нарығын дамыту» факторы

бойынша 148 елдің ішінде 103-ші орынды иеленді. Ең нашар көрсеткіштер «банк тұрақтылығы» бойынша байқалады (100 орын). Осыған қарамастан, алдыңғы есеппен салыстырғанда, Қазақстан көптеген көрсеткіштер бойынша нәтижелерді жақсартып отырып, 115-орыннан көтерілді. Басқа ЕЭО елдерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасы іс жүзінде салыстырмалы нәтижелерді көрсетеді. Ресей Федерациясы 2012-2013 жж. рейтингі бойынша 121 орын алды. Ал, Беларусь Республикасын Дүниежүзілік экономикалық форум бағаламайды [1].

Осы көрсеткіштер ұлттық қаржы нарықтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған болса, ЕЭО елдері нарықтарының көлеміндегі айырмашылықтар интеграцияға кедергі болмайды.

Көптеген мемлекеттерде, мәселен, Ирландия, Сауд Арабиясы, Грекия, Хорватия, Бахрейн, Филиппин және басқа мемлекеттерде ұлттық бәсекеге қабілеттілік талдауын жүргізетін арнайы кеңес беретін мекемелер немесе мемлекеттік агенттіктер жұмыс жасайды. Бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату мәселелері кез-келген мемлекеттің дамуында маңызды сұрақтарды — тұрғындардың өмір сүру деңгейіне қол жеткізетін тұрақты әлеуметтік және экономикалық даму мәселелерін шешумен байланысты[2].

Банк секторы, қаржы ресурстарын қайта бөлудің негізгі делдалы ретінде, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады және көбінесе экономикалық өсу қарқыны анықтайды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның банк секторы ТМД-ның басқа елдерінің қаржы жүйесінің дамуынан едәуір озып, жоғары даму деңгейіне жетті. Бұл, елде экономиканы және қаржы секторын қайта құрылымдау бойынша қабылданған бағдарламалардың, сондай-ақ жаңа тиімді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және енгізу және қолданыстағы нормативтерді жетілдіру нәтижелерінің нәтижесі екені сөзсіз. Сонымен бірге, әлемдік экономика жүйесіне жоғары интеграцияланған бола отырып, Қазақстан экономикасы әлемдегі сыртқы қаржылық тұрақсыздыққа ұшырайды. Ақша-қаржы саласындағы жиі кездесетін дағдарыстар елдің экономикалық қауіпсіздігінің нақты эконо-микалық жағдайынан көрінеді. Әлемдік және ұлттық деңгейлерде байқалған макроэкономикалық ортаның тұрақсыздығы коммерциялық банктер мен өндеші сектордағы кәсіпорындардың несиелік қатынастарының кеңеюіне кедергі болатын жаңа қауіптердің әрдайым жаңа түрлерін тудырады. Атап айтсақ, 2007-2008 жылдардағы әлемдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық Әзірбайжан экономикасының дамуына әсер еткені белгілі[3].

Кез-келген елдің банк жүйесі - бұл жалпы ақша механизмі аясында жұмыс жасайтын ұлттық банктердің, банк мекемелерінің және басқа несиелік ұйымдардың әртүрлі типтерінің жиынтығы. Банкингтің жаһандануы географиялық кеңеюге және жекелеген елдердің шегінен тыс кейбір банк құрылымдарының шоғырлануына әкеледі. Бұл жағдайда трансұлттық банктер ұйымдастырылады. Бұған әлемдік банктік жүйенің дамуындағы келесі үрдістер себеп болады:

- банк қызметтерін ұсыну номенклатурасының кеңеюі мен технологияның күрделенуі

- қаржы институттары арасындағы бәсекелестіктің артуы, оның ішінде бәсекелестікті ынталандыру үрдісін күшейту тенденциясы;

- технологиялық революция, ең алдымен ақпараттық салада;

- жаһандану және банктік шоғырландыру, қаржылық ұйымдардың географиялық кеңеюі;

- қаржылық ресурстар құнының өсуі және банктік өнімдер мен қызметтердің құнын төмендетуге ұмтылу;

- банктік тәуекелдер деңгейінің жалпы өсуі және ұлттық және халықаралық деңгейде банктер мен банк жүйелерінің қызметін реттеу сапасын жоғарылату қажеттілігі.

Жаһанданудың салдары мыналар болып табылады:

- ірі трансұлттық және шағын банктер арасындағы бизнес көлемінің бөлінуі;

- банктік қызметті реттеудегі мемлекеттің рөлін арттыру;

- бірқатар елдердегі банктік және сақтандыру операцияларын кезең-кезеңімен біріктіру;

- бірнеше өнімдер мен қызметтерді біріктіретін синтезделген өнімнің рөлінің артуы;

- автоматтандыру арқылы банк жүйелерін басқарудың тиімділігі мен күрделілігін арттыру;

- қаржылық есеп айырысулардың жылдамдығы мен сапасын арттыру қажеттілігі және т.б.

Мұның бәрі банк саласындағы бәсекелестіктің өсу тенденциясын қалыптастырады, оның төмендегідей негізгі факторларын ұсынуға болады:

- интернационализация, оның ішінде дамушы нарықтарға шетелдік банктердің енуі;

- дәстүрлі депозиттік жүйелерді кезең-кезеңімен өзгертетін жаңа капитал нарықтарын ашу;

- тұтынушылар топтарының сегментациясын арттыру;

- банктік емес ұйымдардың белгілі бір қаржылық салалардағы бәсекесі:

- жүйелік банктік өнімдер мен қызметтерді дамыту;

- жеке тұлғаларға қызмет көрсету үшін коммерциялық банктердің бәсекелестігі күшейді;

- банк индустриясы, әсіресе бөлшек банкинг саласындағы технологиялар (бұрын бәрінің, автоматика мен байланыс жүйелерінің өсіп келе жатқан деңгейі);

- қағаз өңдеуден қағазсыз технологияға біртіндеп көшу;

- клиент топтарының сегментациясын арттыру[4].

Қорытынды: Банктің бәсекеге қабілеттілігі және оның нарықтық жағдайы өнім/қызмет сапасына, рәсімделген және тұрақты бизнес-процестерге, клиент-

тердің қанағаттануы мен сеніміне тікелей байланысты. Бұл әсіресе экономикалық тұрақсыздық кезеңінде өзекті болады.

Сондықтан, банк саласындағы бәсекелестіктің өсу тенденциясын қалыптастыру, және ұлттық экономиканы дамыта отырып ұлттық бәсекеге қабілеттілікті жоғарлату қажеттілігі туындайды.

**Әдебиеттер:**

1. Отчет о глобальной конкурентоспособности на 2013-2014 годы//Всемирный экономический форум (ВЭФ) 4 сентября 2013 года.
2. Қазақстан Республикасының бәсекеге қабылеттілігі туралы баяндама // «Қаржы» - «Финансы» № 8 (7) тамыз 2014.
3. Исакова З.Д. Механизмы модернизации финансового сектора в условиях экономической интеграции: Казахстан. Монография. – Астана: АО «Финансовая академия», 2014 . - 324 с.
4. Горелая Н.В., Карминский А.М., Основы банковского дела // Учебное пособие 2013. - 262с.